

Жекелеген ұйымдарға қатысты мемлекеттік меншіктің түрін өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 шілде N 1128

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің коммуналдық меншікке берілетін ұйымдарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп облыстардың әкімдерімен келісім бойынша, заңнамада белгіленген тәртіппен, осы қаулының 1-тармағында көрсетілген ұйымдарды қабылдау-тапсыру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Облыстардың әкімдері, заңнамада белгіленген тәртіппен, коммуналдық меншікке берілген ұйымдардың қайта тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 26 шілдедегі
N 1128 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің коммуналдық меншікке берілетін республикалық объектілерінің тізбесі

Алматы облысы

1. "Алматысушар" республикалық мемлекеттік кәсіпорны
2. "Ұйғыр су шаруашылығы жүйелері басқармасы" мемлекеттік кәсіпорны
3. Панфилов су шаруашылығы жүйелері басқармасы
4. Ақсу су шаруашылығы жүйелері басқармасы
5. Балқаш су шаруашылығы жүйелері басқармасы
6. Іле су шаруашылығы жүйелері басқармасы
7. "Жамбыл су шаруашылығы жүйелері басқармасы" мемлекеттік мекемесі
8. Көксу ауданының су шаруашылығы жүйелері басқармасы

9. "Талғар аудандық су шаруашылығы жүйелері" басқармасы мемлекеттік кәсіпорны
10. Алакөл су шаруашылығы жүйелері басқармасы
11. "Сарқант су шаруашылығы жүйелері басқармасы" мемлекеттік кәсіпорны
12. Алматы суғару жүйелерінің өндірістік-шаруашылық есептегі учаскесі
13. "Сорбұлақ насос станцияларын пайдалану жөніндегі басқармасы" мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында)
14. "Су шаруашылығы жүйелерін басқару жөніндегі Ақши кәсіпорны және "Ақбұлақ" Бозой су құбыры" мемлекеттік кәсіпорны
15. "Қаратал су шаруашылығы жүйелері басқармасы" мемлекеттік кәсіпорны Қарағанды облысы
16. Киев су құбырлары басқармасы
17. Қарқаралы су шаруашылығы жүйелері басқармасы Оңтүстік Қазақстан облысы
18. Төлеби су шаруашылығы жүйелері басқармасы
19. Сайрам аудандық су жүйелері басқармасы
20. Түлкібас су шаруашылығы жүйелері басқармасы
21. Бәйбдібек (Алғабас) аудандық су шаруашылығы жүйелері басқармасы
22. Отырар (Шәуілдір) су шаруашылығы жүйелері басқармасы